ВОЗРОСЛА РОЛЬ ЭКСПЕДИТОРСКОГО БИЗНЕСА В ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКОМ КОМПЛЕКСЕ СТРАНЫ 3 стр.


# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

№15 (2399) 01/03/2019 | ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА | railnews.kz

Подписывайтесь на telegram-канал АО «НК «ҚТЖ» – @railways.kz / «ҚТЖ» ҰК» АҚ – @railways.kz telegram-каналына жазылыңыз


ДӘЙЕКСӨЗ

**Әділжан ІЗМҰХАМБЕТОВ,**

ҚТЖ-ЖҮК ТАСЫМАЛЫ» АҚ БАС ДИРЕКТОРЫНЫҢ КОРПОРАТИВТІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ ДАМУ ЖӨНІНДЕГІ ОРЫНБАСАРЫ:

**«БАСЫМДЫҚ БЕРІЛЕТІН БАҒЫТТАР ҚАТАРЫНДА ӘЛЕУМЕТТІК ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ НЫҒАЙТЫП, КЕЗ КЕЛГЕН БҰЗУШЫЛЫҚҚА «НӨЛДІК ТӨЗІМДІЛІК» ҚАҒИДАТЫМЕН ҚАРАУ, ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЫН ЖАҚСАРТУ ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІК ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУ БОЛЫП ҚАЛА БЕРЕДІ»**

БРИФИНГ

# ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ЖАҢҒЫРТУ – ҚАУІПСІЗДІК КЕПІЛІ

Кеше «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ филиалы – Магистральдық желі дирекциясының бас инженері Қайырбай Орынбаев пен директордың вокзал шаруашылығы жөніндегі орынбасары Абай Досановтың қатысуымен Дирекцияның өткен жылдағы жұмыс қорытындысына арналған брифинг өтті.




**Сұлугүл БАКЕСОВА**

Қайырбай Орынбаевтың айтуынша, бүгінде Магистральдық желі дирекциясында инфрақұрылым нысандарының сенімділігін арттыру, теміржол желісін жөндеу бағдарламасы табысты жүзеге асырылуда. Бүгінгі таңда магистральдық темір жол желісінің ұзындығы 21 мың км құрап отыр.

– Инфрақұрылым Компанияның негізгі буыны болып саналады. Еліміздегі жүк айналымының 50% темір жол көлігімен жүзеге асырылады. Былтыр осы инфрақұрылым саласына 110 млрд теңге көлемінде қаржы бөлінді. Соның ішінде қаржының басым бөлігі жол шаруашылығына жұмсалды. Мәселен, өткен жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ желілері бойынша 867 км жол күрделі жөндеуден өтті. Жалпы түрлі жөндеуден өту нәтижесінде 1015 км желі жаңартылды. Жұмыстың басым бөлігі ауыр типті жол машиналарының көмегіне жүгіне отырып орындалды. Бұдан бөлек, жазғы жол жұмыстары барысында тозған рельстерді алмастырдық. Бұл жұмыстардың бәрі, сайып келгенде, пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, жол үстіндегі құрамдардың жүріс жылдамдығын арттырып отыр. Нәтижесінде жолаушылар пойыздарының қозғалыс жылдамдығы 585 км, ал жүк пойыздарының жылдамдығы 380 км жолда ұлғайып отыр, – деді Дирекция бас инженері.



Оның айтуынша, былтыр жол шаруашылығында СМД-80 және RM машиналарының көмегімен біраз көлемде шаруа атқарылып, бірқатар экономикалық тиімділікке қол жеткізілген. Үстіміздегі жылы активтерді тиімді пайдалану, ресурсүнемдеуші технологияларды енгізу, жолдарды қалпына келтіру жұмыстары биыл да жалғасын таппақ. Сондай-ақ, дирекцияда 2028 жылға дейін қабылданған бағдарлама шеңберінде пайдалану мерзімі өтіп кеткен темір жол желілерін қысқарту жоспарланған. Қайырбай Орынбаев транзиттік контейнерлік және Тальго жүрдек пойыздарының, өзге де жүк және жолаушы құрамдарының жүктерді жеткізуде жеделдігі мен жолаушыларға жол үстінде қауіпсіздік пен жайлылықты қамтамасыз ету үшін темір жол желілерін сауықтыру жұмыстары жалғаса беретінін жеткізді.

Магистральдық желі дирекциясы басқаруындағы вокзал шаруашылығының өткен жылдағы жұмыс қорытындысымен Абай Досанов таныстырды. «Вокзалдардың қызметі ҚР «Темір жол көлігі туралы» заң шеңберінде іске асады. Қазіргі кезде дирекцияға қарасты 244 теміржол вокзалы және 346 жолаушылар платформасы бар. 2018 жылы құрылыс-жөндеу бригадаларымен 69 вокзалда ағымдық жөндеу жұмыстары жүргізілді. Себебі, бұл вокзалдардың кемшілігі болды. 2014 жылы заңға өзгерістер енген болатын. Онда мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың кедергісіз жүріп тұруына арналған пандустардың өз параметрлері болды. Біз осы пандустарды кеңейтіп, талапқа сәйкестендірдік. Есту қабілеті нашар тұрғындар үшін анықтама бюросында индукциялық панель, мүгедектер кресло-арбасы жаңартылып, бұл санаттағы тұлғалар үшін күту залдары арнайы пиктограммалармен белгіленген орындармен, арнайы санитарлық желімен жабдықталып, есіктер кеңейтілді. Астана-1 темір жол вокзалында барлық эскалатор ауыстырылды. Сонымен қатар 2016 жылы біз тұжырымдама жасадық, ол кластан тыс және 1-ші класты вокзалдардағы алаңдарды жалға беру ережесіне қатысты болатын. Бұл туралы «ҚТЖ» ҰК» АҚ сайтында берілген және де бұл байқауға бәрі қатыса алады», – деді Абай Досанов.

Қазіргі таңда Қарағанды вокзалын қайта жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Биыл Шымкент вокзалында қайта құрылымдау, ал 63 вокзалда ағымдық жөндеу жұмыстары атқарылмақ. Журналистердің вокзалдарда багажды тексеріп өткізу жұмысының нәтижесіне қатысты Абай Сәбитұлы, бұл құрылғы орнатылған уақыттан бері, яғни 2017 жылдан бері жолаушылардың багаждарын тексеріп өткізу барысында суық қарулар, тағысын тағы қауіпті дүниелер табылып, республика бойынша 13 қылмыстық істің қозғалуына септігін тигізгенін атап өтті.

*Суреттерді түсірген Александр ЖАБЧУК*

ХАБАР-ОШАР

## ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КЕРУЕНІ БАЙҚАУЫ ӨТТІ

**Биыл тұңғыш рет тұсауын кескен «Қайырымдылық керуені» республикалық байқауының мақсаты – қайырымдылық идеясын насихаттау. Сауапты іс-әрекеттерімен көпке үлгі болған жандарға құрмет көрсетіп, мерейін өсіру.**

Байқауға арнайы шақырылғандар арасында жолаушылар пойызында кішкентай қызды ажалдан аман алып қалған маңғыстаулық жолсерік Алтынай Рамбаева да болды. Азаматтық бастамаларды белсенді дамытуға арналған байқауды ұйымдастыруға ұйытқы болған ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы қорының директоры Дариға Назарбаева және өзге де көрнекті қоғам қайраткерлері мен депутаттар, ҮЕҰ өкілдері, меценаттар Астанадағы Елбасы кітапханасында өткен марапаттау шарасына қатысты. Байқауға қатысуға өтінімдер 4 ай бойына барлық облыстардан қабылданған. Оның нәтижесінде «Асар», «Туған жер», «Батыл жүрек», «Мейірім жолында», «Қайырымдылық тарихы» атты бес номинация бойынша жеңімпаздар анықталды.

*Ұлан ОРАЗ*

СОТРУДНИЧЕСТВО

## БОЛЬШЕ ГРУЗОВ ЧЕРЕЗ ПОРТ ЛЯНЬЮНГАН



**Заместитель председателя правления АО «НК «Қазақстан темір жолы» Павел Соколов встретился с президентом порта Ляньюньган Чжу Сяньяном и начальником управления транспорта провинции Цзянсу Дин Дзюнхуа в Астане.**

Стороны обсудили вопросы дальнейшего развития сотрудничества с использованием потенциала казахстанско-китайского логистического терминала в порту Ляньюньган. Отмечена положительная динамика роста объемов обрабатываемых грузов. Рассмотрены перспективы создания новых маршрутов и логистических решений на маршрутах Юго-Восточная Азия Европа/Центральная Азия Китай/Юго-Восточная Азия через порт Ляньюньган и транзитом через Казахстан, сообщает пресс-служба АО «НК «Қазақстан темір жолы».

Участники встречи акцентировали внимание на повышении эффективности взаимодействия в рамках совместных предприятий в порту Ляньюньган и сухом порту СЭЗ «Хоргос – Восточные ворота». Также рассмотрены вопросы инвестирования в производственные активы с целью гарантированного обеспечения перевозки грузов на маршрутах Китай – Россия – Китай, Китай – Центральная Азия – Китай и по Транскаспийскому маршруту.

Кроме того, стороны проявили заинтересованность в развитии контейнерного бизнеса, привлечении транзитного грузопотока через территорию Казахстана.

*Роман ЛЮБИМОВ*
*Фото предоставлено пресс-службой АО «НК «ҚТЖ»*

БҮГІНГІ САН

## БЫЛТЫР БОЛАШАҚ СТАНЦИЯСЫ АРҚЫЛЫ

**1,103 мың тонна**

ЖҮК ЖӨНЕЛТІЛГЕН

АКЦИЯ

# ВИТАМИН ШАГАЕТ ПО СТРАНЕ

Около 200 сотрудников АО «НК «Қазақстан темір жолы» и его дочерних организаций приняли участие в спортивном флешмобе, организованном в рамках корпоративной программы по пропаганде здорового образа жизни.



**Алуа ТЛЕУБАЕВА**

Акция никого не оставила равнодушным, сотрудники не остались в стороне от флешмоба, организованного в центральном офисе компании. При этом во флешмобе за здоровый образ жизни наиболее активными участниками стали молодые железнодорожники. Под музыку они с удовольствием выполняли комплекс полезных упражнений производственной гимнастики, который зарядил их энергией и хорошим настроением.

Организаторы считают, что традиция физкультминуток во время трудового дня поможет работникам быть бодрыми и повысит работоспособность. Также в этот день состоялась акция «Никотин – на витамин». Организаторы и активная молодежь призывали коллег отказаться от вредных привычек ради собственного здоровья и здоровья окружающих, предложив курящим сотрудникам обменять сигарету на яблоко.

– Посмотрите, сколько здесь собралось молодежи! Сейчас, особенно в рамках Года молодежи, заметно активизировалось наше поколение. Вот и сегодня молодые железнодорожники-профактивисты решили напомнить своим коллегам о важности ведения здорового образа жизни. И мне очень приятно участвовать в этой акции. Ребята раздают фрукты всем, кто решил бросить курить, призывая отказаться от вредной привычки. А я пришел поддержать флешмоб своим танцем. Я не курю и тоже стараюсь придерживаться здорового образа жизни, – говорит главный специалист отдела центральных коммуникационных оборудований филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Главный вычислительный центр» Ерден Совет.

По его мнению, профессия железнодорожника требует высокой степени ответственности, стрессоустойчивости, надежности, профессионализма и, конечно же, отменного здоровья.

Со слов организаторов акции, в этом году количество собранных сигарет значительно уменьшилось по сравнению с прошлым годом. И они верят, что курильщиков стало меньше по причине осознания вреда курения собственному здоровью, ведь такие акции проводятся не первый год. Забота о здоровье рядовых сотрудников компании, в том числе через проведение регулярных мероприятий по пропаганде здорового образа жизни, это важное направление для корпоративной кадровой и социальной политики АО «НК «ҚТЖ».

Подобные акции пройдут также во всех региональных филиалах компании, где спортивные и оздоровительные мероприятия уже давно стали нормой.

*Фото Александра ЖАБЧУКА*

ПЕРЕВОЗКИ

## ОБЪЕМ – ЗА МИЛЛИОН

**Объем перевезенных грузов по железнодорожному маршруту Казахстан – Туркменистан через погранпереход Болашак по итогам 2018 года превысил миллион тонн различных грузов, увеличившись в сравнении с аналогичным периодом прошлого года более чем на 410 тысяч тонн.**

Так, свыше 400 поездов в направлении Туркменистана отправлено с приграничной станции Болашак Мангистауского отделения ГП в 2018 году, что в два раза больше по сравнению с 2017 годом.

Это стало возможным благодаря тому, что в целях привлечения грузопотоков по железнодорожной магистрали Казахстан – Туркменистан – Иран, введенной в эксплуатацию в 2013 году, АО «НК «ҚТЖ» пролонгировало благоприятные тарифные условия, установленные в 2017 году и на 2018 год.

Сегодня через приграничную с Туркменистаном станцию Болашак отправляется продукция казахстанских сельхозтоваропроизводителей – пшеница, мука, продукты перемола, ячмень, овес, чечевица. Она экспортируется в Иран, Афганистан, Туркменистан. Участок Болашак – Серхетяка представляет собой часть транснационального железнодорожного коридора, который связывает Казахстан, Туркменистан и Иран и обеспечивает выход грузопотоков с сухопутных к морским путям в регион Персидского залива. Новый коридор значительно повышает транзитный потенциал Казахстана, открывает путь отечественной продукции к новым рынкам сбыта.

Более того, коридор позволяет осуществлять прямые поставки грузов между странами по кратчайшему пути, сократить время следования транзитных поездов направлением на Туркменистан через Казахстан и обратно. Через приграничную станцию Болашак осуществляется также перевозка транзитных контейнерных поездов по маршруту Алтынколь – Болашак – Серхетяка – Акяила. По этому маршруту перевозятся автозапчасти, электронное оборудование, товары хозяйственного потребления.

По прогнозам экспертов, к 2020 году объем перевозок через международный пограничный переход Болашак – Серхетяка может превысить 15 миллионов тонн.

В целом, по итогам 2018 года перевозка грузов железнодорожным транспортом в Казахстане составила 397,7 миллиона тонн. При этом общий объем транзита грузов через территорию страны вырос на 6% и составил 19,2 миллиона тонн, контейнерных транзитных перевозок – на 55% (537,4 тыс. контейнеров), в том числе в направлении Китай – Европа – рост на 40% (171,2 тыс. контейнеров) и Европа – Китай – на 80% (139,6 тыс. контейнеров).

*Асель ШАЙХЫНОВА*

ЖАҢАЛЫҚТАР

## ЖЫЛЫ ЛЕБІЗДЕРІН ЖЕТКІЗДІ

**Үкімет басшысының алғашқы жұмыс сапары Ақтөбе облысынан басталды. Асқар Мамин үкіметтің жаңа құрамымен өткізген отырыстан кейін Ақтөбеге жұмыс сапарымен келіп, өңірге жаңа басшыны таныстырды.**

Облысты осыған дейін басқарған Бердібек Сапарбаев Еңбек және әлеуметтік қорғау министрі болып тағайындалуына байланысты орнына Оңдасын Оразалин облыс әкімі болып тағайындалды. «Елбасы біздің алдымызға халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыруға, экономиканы одан әрі әртараптандыруға және жаңа жұмыс орындарын құруға, шағын және орта бизнесті дамытуға бағытталған бірінші кезектегі міндеттерді қойды», – деді премьер-министр Асқар Мамин.

Өңір халқы премьер-министрдің бастамаларына сәттілік тілеп, жылы лебіздерін білдірді.

«Асқар Ұзақбайұлы, Елбасы сізге үлкен абыройлы қызметті сеніп тапсырды. Ақтөбеліктер сізді «Қазақстан темір жолы» компаниясына басшылық жасаған қызметіңіз арқылы жақсы таниды. Қаншама жаңа жобаны жүзеге асырып, осы өңірде бұрын-соңды ТМД-да болмаған рельс-арқалық зауытын салуға бастамашы болдыңыз. Ел игілігі жолында қызмет ете беріңіз», – деп тілек білдірді облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Кеңес Бірманов.

*Ардақ САТТАРҚЫЗЫ, Ақтөбе*

## ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАЛТҚЫСЫЗ САҚТАҒАН

**Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесі бойынша былтырғы жұмыстар нәтижесінде қауіпсіздік саласын дамытуға қосқан үлесі үшін 18 теміржолшы «Қозғалыс қауіпсіздігі үшін» белгісімен марапатталды.**

Бұл марапатқа вагон қараушы-жөндеушілер, атап айтқанда Жомарт Орынбаев, Айдос Бұрынов, Бауыржан Дусенов, Данияр Есжанов, Жанарбек Жақыпбаев, Майрамбай Жариев, Көмекші Матаев, Мұхтар Утенов, Жарылқасын Тұрғанбаев, Кенжебек Орынбаев, Ыбырай Сатыбалдиев, Назархан Сариев, Байзақ Битанов, Жеңісбек Исанов, Байрамбай Тыныштықов, Ілияс Елеусінов, Аслан Есбосынов және Сабыржан Көбейсінов ие болды.

– Аты аталған теміржол саласының мамандары қозғалыс қауіпсіздігіне қауіп төндірген бүйір рамасының ақауы, букстық тораптың бұзылуы, орнынан жылжуы секілді кемшіліктерді дер кезінде анықтап, қауіпсіздікті нығайтуға атсалысқандары үшін марапатталды. Бүгінгі таңда тағы бес теміржолшының марапаты қаралып жатыр. Олар – Реймбай Әбдіров, Сұлтанбек Толыбайұлы, Аманат Сұлтанов, Қуаныш Ізбасқанов және Бауыржан Халилаев, – дейді Маңғыстау ЖТ бөлімшесі директорының орынбасары Ерлан Бүркітов.

Вагон шаруашылығы бойынша ревизор Берік Имашевтың айтуынша, вагондардың техникалық жағдайдағы осындай ақауларын табу салдары ауыр болып келетін қозғалыс қауіпсіздігі бұзылуының ықтимал жағдайларының алдын алады.

*Ұлан ОРАЗ, Маңғыстау*

## ЖҰМЫСШЫЛАР ДӘН РИЗА

**Атырау қаласынан шалғай жатқан Теңдік пен Қарабатан станцияларына қатынап жұмыс істейтіндер үшін жұмыс орнына жету және кешке кері қайту теміржолшылар үшін едәуір қиындық тудырып келген-ді. Жуырда бұл мәселе шешілді.**

Теңдік станциясы облыс орталығынан 10 шақырым, ал Қарабатан станциясы 30 шақырым қашықта жатыр. Оған Атыраудан қатынап жұмыс істейтін жұмысшыларды осыған дейін тозығы жеткен ескі, іші лас, орындықтары сынық, екі күннің бірінде бұзыла беретін жаман автобус тасымалдайтын. Соған орай, жұмысшылардың өтінішін ескерген Атырау жүк тасымалы бөлімшесінің басшылығы биылдан бастап жаңа мердігермен келісім-шарт жасасып, енді теміржолшыларды жап-жаңа Газель автобустары тасымалдайтын болды.

Таңертең 8-ден кешкі 8-ге дейін жұмыс жасайтын екі станцияның ауысым жұмысшылары (Теңдік – 15, Қарабатан – 15 адам) жұмысқа уақытында барып, уақытылы шығатын болды. Автобус оларды Атырау вокзалынан таңертең 6.45-те, кешке 18.45-те алып кетеді де, ауысымнан шаққандарын қалаға кейін алып қайтады. «Бұрын ескі автобуспен жұмысқа жеткенше жұмысшылар шаршап кетеміз дейтін, міне жаңа да жайлы көлікке отырып, жұмысшылардың жаны кіріп қалды» дейді Қарабатан станциясының бастығы М.Маймақов.

*Еділ ЕРМЕК, Атырау*

## ҚАДАҒАЛАНАТЫН БОЛДЫ

**Жуырда Қазығұрт станциясының мәжіліс залында станциядағы барлық теміржол мекемелерінің қатысуымен жиын өтті. Қазығұрт станциясының бастығы міндетін атқарушы Қ.Жанабаев желілік құқық қорғау орындары ұйымдастырып отырған басқосудың басты тақырыбы қауіпсіздік екенін жасырмады.**

Қазығұрт станциясының ЖПб-нің бастығы полиция майоры Ә.Сайрамбаев және Шымкент станциясы ЖПБ ӘПб Ювеналдық полиция тобының аға инспекторы, полиция майоры Ш.Сыздықова қатысқан жиын ҚР Әкімшілік және қылмыстық заңнамаларда көзделген құқық бұзушылықтар мен олардың жауапкершіліктері мен түсіндірме жұмыстары айтылды. Сондай-ақ, әртүрлі себептермен орын алатын шұғыл тежеу және темір жол бойында орын алатын жарақаттанулар, оның ішінде бала жарақаты мәселесі ерекше сөз болды. Сонымен қатар, жасөспірім балалар қызық көріп, жолаушылар пойызының терезелерін сындыруы сынды ұсақ бұзақылық соңы насырға шабатын жайттар айтылмай қалмады. Бұл қылмыстық құқық бұзушылық жасау болып табылатыны, мұндай жауапсыз әрекеттен ең бірінші ата-аналар, жолаушылар ғана зардап шекпейді, мемлекеттің мүлкіне де зиян келетіні сөзсіз, сондықтан балаларды осындай ақымақтықтан аулақ ұстаңыздар деген тәртіп сақшыларының ескертуі орынды екенін теміржолшылар да мақұлдады.

Жиында сөз болған мәселелер айтылып қана қоймай, ары қарай одан қорытынды шығарып, сақтықты күшейту шаралары қадағаланатын болды.

*Жан ПЕРДЕБЕК, Қазығұрт*

ВАГОН ШАРУАШЫЛЫҒЫ

# ЖЫЛЖЫМАЛЫ ҚҰРАМ ЖАРАҚТЫ БОЛСА ...

Вагондардың бір нүктеден екінші нүктеге, бір станциядан келесісіне дейін ешқандай кідіріссіз, кестеге сай жетуін қадағалаушы вагон пайдалану деposының атқарар жүгі қомақты. Атырау вагон пайдалану депосы пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуді жүз пайыз орындап отыр.

**Қосұйым МҰҚАШЕВ,**
*Атырау*

Айталық, деполықтар өткен жылдың 12 айында жоспардағы 723 вагон орнына 1499 вагонды жөндеп, жоспарды 207 пайызға орындаған. Оның ішінде 154 вагон «Қазтеміртранс» ЖШС вагондары болса, 1354 вагон басқа меншік иелерінікі. Сырт мекемелерге қосалқы қызмет көрсету бойынша кіріс ағымдағы ағытып жөндеулер бойынша 76 млн 762 мың теңгені құрады, жоспардың орындалуы 231% құраған. Сонда 1 вагонға 51209 теңге жұмсалады, ал үнемдеу 13298 теңгені құрайды. Олар тапсырыс берушінің қайта өңдеуге берілген материалдар есебінен үнемделіп отыр.

Жалпы, депоның қызмет көрсету аясы Қазақстанның Батыс қақпасы саналатын Құрманғазы ауданындағы Астрахань облысына таяу Ақсарай станциясынан бастап Бейнеу мен Қандыағаш станциялары аралығын қамтиды. Осы аралықтағы вагондардың дұрыс жүріп-тұруына, бұзылмай, сынбай, мүлтіксіз екінші бір станцияға дейін жетуін қадағалап, тексереді. Ганюшкино бөлімшесінде 70 шақты адам, Атыраудың өз басында жүзге жуық, Мақат пен Ақжайық станцияларында 150-ден, Құлсары мен Мақатта 50 шақты, барлығы 500-дей адам абыройлы еңбек етуде. Барлығы да жергілікті мамандар, бірнеше буын теміржолшылар династиясын жалғастырып келе жатқан бесаспап, кәнігі мамандар. Станцияға тәулігіне жүздеген вагондар келеді. Вагон қараушылар сорттап тексеріп, ақаулылар болса техникалық күтім не қызмет көрсету пунктіне жібереді. Ал слесарь, дәнекерлеуші, краншы, құрушылардан құралған бригада кешенді жөндеу жұмыстарына кіріседі...

Қысы-жазы бір тынбай жүріп жататын жұмыс вагоншыларды еш жалықтырған емес. Бүгінде ұжымда 347 вагон қараушы, 42 вагон слесарі және басқа да мамандар еңбек етеді. Депоның 4 техникалық күтім және қызмет көрсету пункті, 2 бақылау пункті, 15 қауіпсіздік посты бар. «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясындағы биылғы жылдан бастап енгізілген рейтінгілік бағалау бойынша да Қазақстандағы 16 вагон пайдалану депосы ішінде Атырау вагон пайдалану депосы алдыңғы лектен көрініп отырғаны ұжымның ұтымды еңбегі, ұтқырлы шеберлігі арқасында десек, артық айтқандық болмас.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

# ОН ТОҒЫЗ БАҒДАРШАМ АУЫСТЫРЫЛДЫ

Шымкент белгі беру және байланыс дистанциясының құрылғыларды жөндеу және ауыстыру шаралары жоспарға сай атқарылуда.

**Жансая СЫДЫҚБАЙ,**
*Шымкент*



Айталық, дистанцияда жоспар бойынша 19 бағдаршам мен 7 дана жол қорабы ауыстырылды. СП-3 типтегі бағыттамалы электр жетектің СП-6 түріне 20 данасы ауыстырылды және 112 дана аккумулятор жаңартылды. Бұдан бөлек, дистанцияда 2,450 км кабельдер ауыстырылып, жөндеу жұмыстары жүргізілді. Статившер мен релелі шкафтар да ретке келтіріліп, еденүсті құрылғылар бірыңғай стандартқа сәйкестендірілді.

«Дистанциядағы еңбек қорғау жағдайына келсек, 2017-2018 жылдары өндірістік жарақаттар орын алған жоқ. Бөлімшедегі барлық жұмысшылар 100 пайыз киім-кешекпен қамтамасыз етілді. Іс-шараларды атқару кезінде өндірістік жарақатқа жол бермей, жылды сәтті аяқтадық. Жыл бойы 45 тексеру жүргізіліп, жоспардан тыс 26 тексеру өткізілді. Нәтижесінде, 175 ескерту беріліп, оның бәрін белгіленген мерзімде түзеттік. Дистанция жұмысын пысықтаған 40 селекторлық жиын өтті», – деп мәлімет берді Шымкент белгі беру және байланыс дистанциясының басшысы Б.Қасымбеков.

Бүгінде дистанцияда 299 бірлік техника бар. СОБ құрылғыларының техникалық қызмет көрсету сапасының көрсеткіші балдық жүйемен «жақсы» немесе 108,7% құрап отыр. Дистанцияда бір ұрлық оқиғасына жол берілген. Қызылсай станциясында бөгде тұлғаның қатысуымен кіреберістегі батареялық шкафтағы «Н» бағдаршамының ОРС-3 типтегі аккумуляторы ұрланған. Бір жақсысы, келтірілген шығын (23676,10 теңге) көп ұзамай өтеліпті.

*Суретті түсірген автор*

АЙМАҚ

# ҚАҢТАРДАҒЫ КӨРСЕТКІШ ҚАНДАЙ?

Жамбыл өңіріне қарасты Тараз, Шу және Сарышаған станцияларында кеңейтілген тораптық кеңестер өтіп, онда негізінен қаңтар айындағы пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігінің сақталуы, «Машинистердің ескертпе кітабы» бойынша талдау жүргізу, пайдалану көрсеткіштерінің орындалуы сынды мәселелер қаралды.

**Жасұлан СЕЙІЛХАНОВ,**
*Тараз*



Сарышаған станциясында өткен телімдік кеңеске аталған станцияға жақын станция басшылары мен темір жолдың өзге де құрылымдық мекеме басшылары қатысып, оған Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесі директоры Берік Ақшалов төрағалық етті. Мұндағы кеңейтілген жиында пойыздар қозғалысы қауіпсіздігінің жай-күйі мен машинистердің ескертпелері күн тәртібіне қойылды.

Жалпы бұл учаске бойынша машинистердің ескертпелері артып кеткенімен, жекелеген мекемелерге қатысты біраз ескертпелер былтырғыдан төмен. Дегенмен талдау жұмыстарының қорытындысын тыңдаған Б.Ақшалов қауіпсіздікті қадағалау жұмыстарын бір сәтке де босаңсытуға болмайтынын айтып өтті.

Сондай-ақ, жиында Жамбыл магистральдық желісі бөлімшесінің директоры А.Кукузов бөлімше шаруашылықтарындағы қауіпсіздік жұмыстарының талдамаларынан хабардар етті. Оның айтуынша, қаңтар айында бір оқиға болған, Тараз-Шу учаскесінің Ақшолақ-Ақыртөбе бағытында пойыздың жаяу жүргінші соғу оқиғасы орын алып, абырой болғанда адам аман, ауыр жарақат алмаған.

Жалпы алғанда Жамбыл магистральдық желісі бөлімшесі бойынша жолдардың орташа бағалануы 57 балды көрсетіп отыр. Ол қаңтар айына 43 балл төңірегінде болады деп жоспарланған екен. Яғни меже 125 пайызға артығымен орындалған.

Теміржолшылар кәсіподақ ұйымы Жамбыл филиалының төрағасы Жұман Сәменов те жұмысшылардың еңбек қауіпсіздігі мен әлеуметтік қамсыздандыру мәселесі бойынша бөлімше басшыларымен жұмыс жүргізіліп жатқанын, әсіресе спортты дамытуға көп көңіл бөлінгенін атап өтті.

– 2019 жыл «Жастар жылы» болып жарияланғанын білесіздер. Соған байланысты жастардың тәлім-тәрбиесіне басымдық беріп, оларды оқыту, біліктіліктерін арттыру ісіне барынша көңіл бөлінуде. Бұл бойынша арнайы іс-шаралар жоспары жасалып, басым бағыттары белгіленді, – деді кәсіподақ төрағасы.

Ал Таразда өткен, Жамбыл локомотив пайдалану депосы қызметкерлері мен Тараз станциясына іргелес жатқан станция басшылығы өкілдері қатысқан кеңеске Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесі директорының бірінші орынбасары Үмітбек Рысбеков төрағалық етті.

Жиында алдымен машинистердің ескертпе кітабының қаңтар айындағы жазбалары талданды. Депо бойынша бұл айда 24 ескертпе түскен екен, ол өткен жылғы есепті кезеңмен салыстырғанда 9 ескертпеге азайған. ПЧ-51-ге де қатысты ескертпелер 8-ге жетіп, өткен жылғыдан алтауға төмендеген. Түлкібас станциясы ПЧ-52-ге биылғы қаңтарда 5 ескертпе түссе, былтыр осы айда алтау болған екен. Мұнда да төмендеу байқалады. Тараз станциясында да былтырға қарағанда биыл жұмыс жүйеленген. Айталық, былтырғы қаңтарда 4 ескертпе тіркелсе, биыл бір ғана жағдаймен шектелген. Ал ШЧ-36 мен ЭЧ-21 жұмысына ешқандай ескертпе болмаған.

Аталған ескертпелер тиісті орындарға жолданып, шаралары дер кезінде қолға алынғаны белгілі болды. Машинистер түртіп алған ескертпелерді мұқият тыңдаған Ү.Рысбеков темір жол жұмысындағы келеңсіздіктердің азайғанын айтып өтіп, дегенмен жол бойында ауа жайылған малдың мәселесін шешу, құқыққорғау органдарымен бірлесе жұмыс жүргізуге көңіл бөлді.

Сондай-ақ, жиында 2019 жылдың қаңтар айындағы кейбір пайдалану көрсеткіштерінің орындалмауы бойынша да түсінік беріліп, тиісті мекемелерге кемшілікті жою жөнінде тапсырма жүктелді.

Кеңес төрағасы көктемнің келуімен еріген қар мен жауыннан кейін жиналған көлшік сулардың жол қозғалысына кедергі келтіретінін, сондықтан жылдағыдай кез келген қауіпке дайын болу үшін және ондай жағдайларды болдырмау үшін тиісті шараларды қолға алып, локомотив бригадаларының жұмысын ширата түсуді қатаң тапсырды.

Жамбыл магистральдық желі бөлімшесінің бас инженері Жұмағали Ұрсаров өз сөзінде сын-ескертпелер бойынша тиісті шешімдер шығарылып, қажетті шаралар қабылданып жатқанын жеткізді. ШЧ, ПЧ, ЭЧ басшыларымен бірлесе техника құралдарының ескертулері мен істен шығуын азайту мақсатында жұмыс жүргізілгенін және жол бойына су жиналу қаупінің алдын алу, алдағы уақытта жекелеген учаскелерде жүргізілетін жөндеу жұмыстарына қатысты технологиялық толаскез жөнінде де ақпар берді.

Шу локомотив пайдалану депосында өткен кеңейтілген кеңесті Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесі директорының Шу өңірі бойынша орынбасары Дүйсен Сыдықов ашып, күн тәртібіне тоқталды. Мұнда да машинистердің ескертпе журналына түскен жол бойындағы жағдайлар кеңінен талқыланды. Талдаулардан кейін басшылық тиісті мамандарға рельс бойындағы шөптерді жою, пойыз жолында малдың емін-еркін жайылып жүрмеуіне жол бермеу, пайдалану көрсеткіштерін арттыру, жол қауіпсіздігі мен еңбек қауіпсіздігін барынша сақтау, т.т. бойынша тапсырмалар берілді.

Ал Жамбыл магистральдық желі бөлімшесі директорының орынбасары М. Абдуллаев биылғы қаңтар айында бөлімше шаруашылықтарында ешқандай апаттар мен оқыс жағдайлардың болмағанын жеткізді.

Кеңейтілген кеңестер соңында барлық станция басшылары мен Жүк тасымалы және Магистральдық желі бөлімшелерінің тиісті басшылық өкілдеріне әдеттегідей жол қауіпсіздігін, технологиялық процестердің ақаусыз және тоқтаусыз жұмыс істеуін, жұмысшылардың қолайлы еңбек жағдайын қамтамасыз ету және темір жол бойына жақын маңдағы оқу орындары басшыларымен жолдан өту қауіпсіздігін түсіндіру жұмыстарын күшейту бойынша тапсырмалар жүктелді.

*Суретті түсірген автор*

КОНФЕРЕНЦИЯ

Институт частных экспедиторов в Казахстане не только состоялся как эффективный бизнес, его роль в перевозочном процессе постоянно возрастает. И национальный перевозчик РК готов с ним активно сотрудничать как с надежным партнером. Об этом шла речь на конференции Ассоциации национальных экспедиторов РК (АНЭК), которая прошла в Алматы.



# ЭКСПЕДИТОР – НАДЕЖНЫЙ ПАРТНЕР

**Ирина БЕКТИЯРОВА,**
*Алматы*

На конференции были рассмотрены вопросы повышения эффективности перевозочного процесса в контексте мер, предлагаемых АО «НК «ҚТЖ» для ведения бизнеса и решения задач, стоящих перед национальным грузоперевозчиком.

Председатель правления АО «КТЖ – Грузовые перевозки» Кайрат Саурбаев в своем выступлении отметил возрастающую роль экспедиторского бизнеса в повышении эффективности транспортно-логистического комплекса страны и выполнении основных задач АО «НК «ҚТЖ» и его дочерних организаций в 2019 году.

– Компания заинтересована совместно с АНЭК в создании благоприятных правовых, экономических и социальных условий для участников перевозочного процесса. Проведение совместной работы по расширению и укреплению сотрудничества с отечественными экспедиторскими организациями способствует выявлению проблемных вопросов системного характера и принятию мер по их устранению. АО «КТЖ – Грузовые перевозки» будет оказывать содействие в решении вопросов бизнеса, – отметил он и сообщил, что по итогам 2018 года в компании достигнуто перевыполнение всех производственных показателей. В том числе тарифный грузооборот по сравнению с аналогичным периодом 2017 года вырос на 6,6%.

**ПЕРСПЕКТИВНОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО**

При этом увеличивается доля участия экспедиторских компаний в объеме перевозок. В 2018 году она превысила 85% (для сравнения: в 2015-м – 76,77%, в 2016-м – 80,7%, в 2017-м – 81,88%). С участием экспедиторских компаний было перевезено 240,6 миллиона тонн различных грузов.

Как было отмечено на конференции, членами АНЭК является 81 экспедиторская организация, или 8,7% от их общего количества. В КТЖ – Грузовые перевозки рассчитывают, что с каждым днем эта цифра будет увеличиваться.

– В 90-е годы было 20 компаний, на сегодня национальным перевозчиком заключены договора с 933 компаниями, из которых на перевозки транзитных грузов – с 304 компаниями. Это существенное увеличение, – считает Кайрат Саурбаев. – Доля перевозок, организованных экспедиторами – членами АНЭК, составляет 37,18% от общего объема перевозок.

Генеральный директор АНЭК Мухамбет Сабетов перевел тонны, километры и проценты в валютное выражение. Отметив, что в ҚТЖ за последние годы коренным образом изменилось отношение к частному экспедиторскому бизнесу, он уточнил, что и финансовая роль экспедиторов значительно возросла.

– За транзитные перевозки экспедиторские компании платят в год порядка 550-560 миллионов долларов, или 230 миллиардов тенге. Такой объем денежной массы поступает в ҚТЖ, причем на основе стопроцентной предоплаты. Сейчас – тенденция к увеличению. Экспедиторы выполняют роль не только организатора перевозок, но и кредитуют грузоотправителей, – отметил он.

Поэтому в ассоциации, также как в АО «КТЖ – Грузовые перевозки», не сомневаются: институт экспедиторов нужен. Этот бизнес будет развиваться и приносить пользу как самим компаниям, так и железным дорогам в целом.

> ПЛАНИРУЕТСЯ НАЧАТЬ ТИРАЖИРОВАНИЕ ТЕХНОЛОГИИ БЕЗБУМАЖНЫХ ПЕРЕВОЗОК ГРУЗОВ ВО ВНУТРИРЕСПУБЛИКАНСКОМ И ЭКСПОРТНО-ИМПОРТНОМ СООБЩЕНИИ, ОРГАНИЗАЦИИ ЭЛЕКТРОННОГО ОБМЕНА ДАННЫМИ С СОПРЕДЕЛЬНЫМИ АДМИНИСТРАЦИЯМИ.

**АСУ ДКР В ПОМОЩЬ**

В ходе алматинского форума обсуждалось много наболевших вопросов. В том числе совершенствование финансовых онлайн-расчетов с экспедиторскими компаниями, взаимодействие АО «Қазтеміртранс», АО «KTZ Express» и АО «КТЖ – Грузовые перевозки» с экспедиторскими компаниями, организация контейнерных поездов из КНР в Среднюю Азию и Европу и обратно и многие другие.

Один из них актуален в свете реализуемой в стране и нацкомпании Программы цифровизации. Поэтому особое внимание было посвящено внедрению современных программных продуктов, повышающих эффективность работы с партнерами и потребителями услуг. Таких как «блок экспедитора» в программе АСУ ДКР, совершенствование процесса планирования перевозок грузов и утверждение декадных заявок клиента в АСУ ДКР с учетом требований грузоотправителя.

Кайрат Саурбаев проинформировал, что планируется начать тиражирование технологии безбумажных перевозок грузов во внутриреспубликанском и экспортно-импортном сообщении, организации электронного обмена данными с сопредельными администрациями. Отработаны два пилотных проекта с РЖД, и теперь с российскими коллегами предполагается полностью перейти на такой метод работы.

– Работа по безбумажным документам позволяет минимизировать человеческий фактор. Начинаем эту технологию тиражировать. Во втором квартале текущего года планируется весь порожный парк Қазтеміртранса перевести на эту систему. До середины года заработают все отделения, в том числе стыковые пункты с РФ. Эта технология важна не только железной дороге, она важна и экспедиторам, – подчеркнул директор департамента системных проектов АО «КТЖ – Грузовые перевозки» Ринат Ямалутдинов.

В ближайшей перспективе также планируется запуск в АСУ ДКР финансового контроллинга по перевозкам грузов в транзитном сообщении. Это позволит избавляться от простоев вагонов и заторов. Суть финансового контроллинга заключается в пропуске вагонов в транзитном сообщении по межгосударственным стыковым пунктам только при финансовом обеспечении перевозок.

